

« М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 4-7.

ӘОЖ 37.013

БАЛА ТӘРБИЕСІ ОТБАСАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

А.Ш. Аубакиров, 1 курс магистранты

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

«Тәрбие» сөзі араб тілінен аударғанда «көктету, өсіру, жетілдіру» деген ұғымды білдірген. Яғни, баланың өсуі-өнуі болашағы алған тәрбиесіне тікелей байланысты деген сөз. Тарихқа көз жүгіртсек ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қағидасын жас ұрпақта тәрбиелеуде пайдаланған. Бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, үміт артып сергек қараған. Жас ұрпақтың алдына мақсат қойып, міндеттер жүктеген. Болашақ қамқоры, Отан қорғаушысы шаңырақ иесі, өмір гүлі деп есептеген. Тәрбие тал бесіктен басталады [1]. Баланың еңбекқор, ақылды, тәрбиелі болып өсуіне ата-анасы жауапты. Жақсы тәрбие көрген бала ешқашан жерде қалмайды. Айналасы жақсы адамдарға толып, үлкендерге құрмет көрсетіп, кішілерге өнеге беріп жүреді. Жалпы жақсы адам болып қалыптасқан баланың өмірі жақсылыққа толады. Бала бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтар отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді, толысып әрленеді. «Бала нені білсе жастан, ұядан, өле-өлгенше соны таныр қиядан» деген нақылдың астарында қаншама мән-мағына жатыр десеңізші. Нақылда тәрбие беретін адам, я болмаса ортасы өздері білімді, тәрбиелі, үлгілі болуы керек деп өсиет етеді [2].

«Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиешісі көрсін» деген мәтел де соны меңзейді. Бала тәрбиесінде мектептің атқаратын рөлі де зор. Өйткені отбасы тәрбиесі мен мектептегі тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтыратын домбыраның қос ішегіндей. Егемен еліміздің ұрпақтарын білімді, тәрбиелі етіп тәрбиелеу-баба ұрпақ пен аға ұрпақтың парызы. Алайда баланың бас ұстазы ата-анасы. Бала ата-анасын, ата-ана баласын танымайынша іс алға баспайды. Бала тәрбиесіндегі отбасының атқарар міндеті зор. Адам баласының дүниеге келгенде енетін үйі, өсіп ержететін, тәлім-тәрбие алатын қасиетті алтын бесігі-отбасы. Отбасының адамзат ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсемен салыстыруға болмайды. Отбасы тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері өте көп. Әсіресе көрегенді, ынтымақты отбасында. Бұл орайда: Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген халқымыздың қасиетті сөзінен отбасы тәрбиесінің күшін сезуге болады. Бала үшін отбасында әкешешенің, ата-әженің басқа да бауырлардың кісілік үлгілерінің маңызы өте зор. Олай болса, бала кісілікті, әдептілікті, адамгершілікті, сыпайылықты

тіпті өрескел мінез бен бұзақылықты да алғаш өз отбасында меңгереді. Баланың сырын да, мұңын да, шаттығын да ата-анасынан артық еш адам біле бермейді. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-ана мен ұстаздар бірлігі қажет-ақ. Ата-ана мұғалімге көмекші, сенімді тірек болса, керісінше мұғалім де сондай болуы керек. Екі жақты байланыс нығайғанда барлық күрделі сан алуан мәселелер түйіні шешіледі. Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Жалпылай алғанда адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталатыны мәлім. Адамгершілік негізі – имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Халқымыз: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Бүгінгі бәсекеге қабілетті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң-мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, кісінің ала жібін аттамайтын иманды азамат етіп тәрбиелеу көзделінеді. Бүгінгі ұрпақ ол – еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз – қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды тұлға өсіру. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өседі. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды, обал мен сауапты ажырата білуі өзін қоршаған ортасына, ата-анасына, құрбы-құрдастарына, олардың іс-әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты [3].

«Өткенсіз бүгін жоқ» демекші, бүгінгі ұрпақты ата-бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың намысты-батыл, қыздың әдепті-ибалы болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге-өсиетін тәрбие барысында ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймын. Отбасындағы тәрбие сол өмірдің өзі болып табылады. Және де біздің жүріс-тұрысымыз, тіпті біздің балаға деген сеніміміздің өзі де күрделі, бірқалыпсыз, кейде қарама-қайшылықта болып жатады. Әкешенің көбісі балаға жақсы көретінін білдіртпеу керек деп ойлайды. Олардың ойынша баланы тым жақсы көру олардың ерке болуына, өзімшіл болуына әкеп соғады деп ойлайды. Бұл ойды жоққа шығару керек сияқты. Өйткені осы жағымсыз тұлғалық қасиеттер керісінше, балаға деген махабаттың жетіспеушілігінен пайда болады.

Баламен үнемі терең әрі тығыз байланыс орнату – тәрбиенің әмбебап шарты. Мұндай байланыс балаға қай жаста болса да керек. Ата-анасымен байланысты білу, сезіну – балаға ата-ана махаббатын, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік береді. Осыған баланы сендіру керек. Ата-ананың киім кию,

сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы, өзгеге деген ілтипаты, үй ішіндегі тазалық пен тәртіп, сыпайы мінез, мейірімділік, балаға деген сүйіспеншілік тәрбие барысында өзінің оң нәтижесін берері анық. Баланың үйде көргені, ата-анасынан, жақын туыстарынан естігені – ол үшін тәрбиенің ең үлкені. Осы тұста сүрінбеу үшін ата-ананың мінез-құлқының, ізетті қасиеттерінің, жалпы мәдени дәрежесінің деңгейі өте жоғары болуы керек [4].

Баласына үлгі болуды мақсат етпейтін ата-ана жоқ шығар. Баланың тосын әрекеттеріне төзімділік таныту әрине, ол оңай шаруа емес. Әйтсе де, мүмкін емес деп те айтуға болмайды. Көбінесе, қазіргі жұмыс басты ата-аналар балаларына дұрыс тәрбие бере алмай жүр. Мен бұндай оқиғаларды күнделікті өмірден және фильмдерден көрдім. Тек қана жұмыс басты ата-аналар ғана емес, басқа да отбасылар ішінде бар. Әркімнің тәрбиесі әрқалай. Тәрбие байлыққа, жоқшылыққа қарай бөлінбейді. Ең әуелі баласына тәлім тәрбие бергісі келетін ата-анада ниет пен сүйіспеншілік болады.

Қазіргі кезде бала тәрбиесіне көп көңіл бөлінбей жүр. Балалардың көпшілігі жан жаққа шашылып кетті. Барлық бала бірдей емес. Себебі, әркімнің тәрбиесі әрқалай. Мен бұл сөзді қайталаудан таймаймын. Өйткені бұл-заңдылық. Қысқасы барлық адам бірдей тәрбие көрген жоқ. Сондықтан олардың балаларына беретін тәрбиесі де әртүрлі болады. Мысалы, ауыл мен қала балаларының алған тәрбиесі көпшілік жағдайда әртүрлі болады ғой, иә? Ауыл балалары ауылдағы ата-әжелерінің қолында өсіп, қазақи тәлім-тәрбие көреді. Олар көбінесе ұлтшыл, намысшыл, салт дәстүрді ұстанатын болып өседі. Бірақ бәрі деп айтпаймын. Себебі, ауыл балаларының арасында қала балаларына еліктейтіндер табылары хақ. Ал қала балалары заманауи түрде киініп, шет елге қызығушылықтары басым болады. Осы жерде «Неге?» деген сұрақ пайда болады. Менің пайымдауым бойынша былай деп ойлаймын: қала көптеген ұлт өкілдері тұратын жер. Сол жерде әртүрлі тәрбиеленген орта бар. Олар бір-бірінен көру арқылы сол тәрбиеге бейімделе бастайды. Жалпы айтқанда, орта қандай болса, соған қарай бала да өзгереді [5].

Әрбір ата-ана өз перзетінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді [6].

«Ана – үйдің берекесі, Бала үйдің – мерекесі. Бұтағымен ағаш сымбатты, Ұрпағымен адам қымбатты. Бала болсаң балғындай бол. Айналаңа қорғандай бол» - деген қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек.

Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тындап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңытыды. Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, « адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады. Тәрбиенің негізі « ананың әлдиінен » басталады емес пе ? Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады. Сонғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында да: «Нағыз жылы орын: қылышқа – қынабы, отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар. Қазақстан Республикасы Ата Занының 27 бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» -делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» деліні, ұрпақ тағдыры айтылады. Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларның көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, еліне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде - бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: «Отбасы –шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер», дегені бар.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беділі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарының алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

Қорытындылай келе, менің айтқым келгені: Бала тәрбиелеуде баланы қатты еркелетіп және еркінсітіп жібермеу керек. Әр нәрсенің өз орны бар екенін түсіндіру, үлкендерді сыйлап, еңбекке баулу қажет. Қысқасы жақсы тәрбие беру. Жақсы тәрбие көрген бала әрқашан өзің жақсы жағынан көрсетіп, үлкен жетістіктерге жетеді. Халық арасында айтады ғой «Тұңғышынды үйретсең, қалғандары да үйренеді» - деп. Яғни, бұл тәрбиенің арқасы. Тәрбиелі бала-тәрбиелі ұрпақ. Тәрбиелі ұрпақ-біздің болашағымыз. Болашағымыз жарқын болуы үшін, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлгеніміз жөн [7].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оқушылардың ғылыми қоғамдарын ұйымдастыру және республикалық ғылыми жарыстарын өткізуге әдістемелік нұсқаулар [Текст]: Астана. 2007.
- 2 Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім [Текст]: - Алматы, 2002.
- 3 В.Д.Шадриков. О содержании понятий «способности» и «одаренность». [Текст] / «Психологический журнал», -1983. Т.4. №5.
- 4 С.Л.Рубинштейн. Основы общей психологии [Текст]: С.Л.Рубинштейн // -М., 1989. -Т.1-4.
- 5 В.А Бухвалов. Развитие учащихся в процессе творчества [Текст]: В.А Бухвалов // «Педагогический поиск», 2000.
- 6 Т. Яковлева. Народная педагогика о семейном воспитании.
- 7 Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары.